

**"Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларын арттыру туралы"  
облыстық мәслихаттың 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 337 шешіміне өзгеріс  
пен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2012 жылғы 25 қаңтардағы № 14 шешімі.  
Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 9 ақпанда № 3386 тіркелді.  
Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2021 жылғы 17 мамырдағы № 43 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Ақтөбе облыстық мәслихатының 17.05.2021 № 43 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 3 желтоқсандағы № 505-IV Заңының 1-бабының 4-тармағына, "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Кодексінің 495-бабының 9-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабының 5-тармағына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. "Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларын арттыру туралы" облыстық мәслихаттың 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 337 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3349 тіркелген, 2011 жылғы 6 қаңтардағы "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінің № 1-2 жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

шешімнің 1-тармағының 2 абзацы, "6" санынан кейін "6-1" сандарымен толықтырылсын;

шешімге қосымшадағы:

6-тармақтың 1.3.7 тармақшасы - алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Күкіртті орналастырғаны үшін төлемақы ставкалары бір тонна үшін 7,54 АЕК-ті құрайды".

2. Мәслихаттың осы шешімі алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы  
Қ.ЕЛУБАЕВ

Облыстық мәслихаттың хатшысы  
С.ҚАЛДЫҒҰЛОВА

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК